

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

В заключение следует отметить, объекты исследования являются сложными и многогранными проблемами, требующими комплексного подхода к пониманию и устранению их коренных причин и последствий. Это может включать устранение социального и экономического неравенства, поощрение терпимости и понимания, а также противодействие насильственным идеологиям посредством образования и публичного обсуждения.

Список использованных источников:

1. Габов Ю.А., Кист В.Э., Казкенов К.М. Истоки, цели, идеи и формы глобального терроризма. — Алматы: Монте-Кристо, 2018г. – 286 ст. – 8ст.
2. Сматлаев Б.М. Проблемы борьбы с терроризмом и экстремизмом в Республике Казахстан: Учебное пособие. — Нур-Султан: Типография Центр Элит, 2021г. – 116с. – 10с.
3. Соснин В. А. Современный терроризм и проблема мотивации террористов-смертников // Национальный психологический журнал— №2(4) — 2010. — 52-55с.
4. Жилина И.Ю. Экономические аспекты современного терроризма. — 2018.
5. Декларация VII съезда лидеров мировых и традиционных религий – г. Нур-Султан, 15.09.2022г.
6. Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года № 527-IV «О национальной безопасности Республики Казахстан»
7. Бертовский Л.В. Сембекова Б.Р. Противодействие терроризму и религиозному экстремизму как способ обеспечения национальной безопасности // Вестник Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова — №2(90) — 2018. – 99-106с.
8. https://asker.kz/blog/terrorizm_v_kazakhstane/genprokuratura-sostavila-sovremennyy-portret-kazaxstanskogo-terrorista.html

УДК 343.13

СОТ-ТРАСОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ КӨЗІ РЕТІНДЕ

Ками Салтанат Шыңғысқызы

s.sarymsakova12@gmail.com

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық Университеті

7М04209 - «Сот сараптамасы» мамандығы бойынша I курс

магистранты

Ғылыми жетекшісі – Б.Р. Сембекова

Қазіргі таңда кез келген қылмыстық істің тергеп-тексеруін жүзеге асыру кезінде міндетті түрде сараптаманы тағайындау мен жүргізу тергеу әрекеті орын алады. Сот сараптамасы барлық уақытта да дербес ғылым мен тәжірибе ретінде негізделген ғылыми білімдердің бөлімі екенін және криминалистикалық техниканың мазмұнды ажырамас бөлшегі болып табылатынын дәлелдеді.

Сот сараптама түрлерінің арасында ең көп әрі жиі кездесетін сараптамалардың бірі – сот-трасологиялық сараптама екені іс жүзінде белгілі. Трасологиялық зерттеу қылмыспен сәтті күресудің және жазаның бұлтартпастығы принципін жүзеге асырудың шарттарының бірі қылмыстың кез-келген түрін жасағаннан кейін қалған әртүрлі трасологиялық іздерді тиімді пайдалану болып табылады. Кез келген қылмыстық істі толық тергеп-тексеру қандай да бір сот-трасологиялық сараптаманы тағайындау мен жүргізуінсіз бүгінгі күні елестету мүмкін емес. Жалпы трасология ұғымы туралы айтатын болсақ, трасология - қылмыстарды ашу үшін қолданылатын іздерді анықтау, бекіту, алу және зерттеудің әдістері мен ғылыми-техникалық құралдары әзірленетін криминалистикалық техникаға қатысты ғылым бөлімі.

Криминалистика жүйесінде трасология криминалистикалық техниканың тәуелсіз саласы ретінде орын алады. Трасология термині француз тілінің «tracé» - із және грек тілінің «logos» - білім сөздерінен шыққан. Аталған аударманы ізді зерттеу немесе із туралы ғылым деп айтуға болады. Ең алғаш рет аталған термин С.А. Голунский мен Г.К. Рогинскийдің 1934 жылғы қылмыстарды тергеп-тексерудің техникасы мен әдістемесі жұмыстарында қолданылған, сонымен қатар 1936 жылы М.Н. Гернет криминалистика бойынша жүйелік библиографиялық әдебиеттің көрсеткішін жасау барысында тиісті бөлімді «трасология» терминімен белгілеген. Дәл осылай 1938 жылы И.Н. Якимов криминалистика оқулығында белгілеген. Трасология криминалистиканың ғылымы мен саласы ретінде дамуына И.Н. Якимов, С.М. Потапова, Б.И. Шевченко, И.Ф. Крылова, Г.Л. Грановскийдің және басқа да криминалистердің ғылыми жұмыстары көп үлес қосқан.

Трасологияның басты мақсаты тергеуді қылмысты тергеп-тексеру барысында қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауды шешу үшін мүмкіндік беретін дәлелдемелермен қамтамасыз ету. Басқа да заң ғылымдарының, сонымен қатар трасологияның міндеттеріне дәлелдемелерді жинау бойынша қылмыстарға қарсы күреспен айналысатын құқық қорғау органдарына өзара көмектесу қарастырылған. Сот-трасологиялық сараптамаға ұсынылатын объектілерді диагностикалық және идентификациялық міндеттерді шешу үшін қолдану маңызды дәлелдемелік және бағыттаушы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Аталған сараптаманың пәні - оқиға болған орнында немесе қандай да бір объектілерде механикалық әсер ету нәтижесінде қалдырылған және пайда болған іздер. Олар түр мен сипатына қарай келесідей бөлінеді: гомеоскопиялық, механоскопиялық, көліктік және жануарлардың іздері.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер маңызды жүйе құраушы құқықтық және ғылыми санат болып табылады. Сол себепті, дәлелдемелерді әрқашан да қылмыстық сот іс жүргізудің басты құралы деп атайды. Дәлелдемелер ұғымына тоқталатын болсақ, Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 111-бабына сәйкес заңды түрде алынған, олардың негізінде анықтау органы, анықтаушы, тергеуші, прокурор, сот осы Кодексте айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген іс-әрекеттің бар екенін немесе жоқ екенін, күдіктінің, айыпталушының немесе сотталушының бұл әрекетті жасағанын немесе жасамағанын, оның кінәлілігін не кінәсіздігін, сондай-ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайларды анықтайтын нақты деректер қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер болып табылады. Сондай-ақ, ҚР ҚПК-нің 111-бабының 2-тармағына сәйкес сарапшының қорытындысы қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректердің қатарына жатқызылады. Сот сараптамасының сөзсіз нәтижесі – сарапшының қорытындысы Қазақстан Республикасының заңнамасында дәлелдемелер қатарында көрсетілген. ҚР ҚПК-нің 116-бабына сүйенетін болсақ, сарапшының қорытындысы бұл сот-сараптамалық зерттеудің барысы мен нәтижелері көрсетілетін құжат. Сот-трасологиялық сараптама дәлелдеме ретінде пайдаланылатын нақты деректерді айқындау үшін заңда белгіленген тәртіппен трасологияда жинақтаушы тұлғалар жүргізетін іздерді, із қалдырушы және із қабылдаушы объектілерді (тасымалдаушыларды) және істің басқа да материалдарын зерттеу болып табылады. Сот-трасологиялық сараптама ең көп қолданылатын сараптамалардың бірі. Себебі, трасология ғылымының шешетін мәселелері қылмыстық істің дұрыс тергеп-тексеруіне қосатын үлесі зор. Сот-трасологиялық сараптамасы әрбір қылмыстық істің тергеп-тексеру кезінде жүзеге асыратын себептерінің бірі ол – қылмыстың құрамының бірі субъектімен қалдырылған іздерін толықтай зерттеп әрі оның болмысын анықтай алатын сараптама болып табылады. Трасологияның мақсаты мен шешілетін міндеттері тікелей қылмыстың тергеп-тексеру барысына әсер етеді. Бұл дегеніміз сот трасологиялық сараптаманың қорытындысы дәлелдемелердің көзі ретінде бағаланатына кепілдік береді. Сот-трасологиялық сараптаманың нәтижесі, яғни сарапшының қорытындысы, басқа да дәлелдемелердің түрлері сияқты дәлелдеме болып саналу үшін міндетте түрде заңнамамен көзделген баға беріледі. ҚР ҚПК-нің 125-бабына сәйкес әрбір дәлелдеме қылмыстық іске қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы және жеткілікті болуы тиіс. Дәлелдеме болып табылатын сот-трасологиялық сараптаманың қорытындысына

тексеру мен бағалау үшін сарапшының құзыреттілігін, оның ғылыми білімдердің деңгейін және қылмыстық істе мүдделігін анықтау керек. Сондай-ақ, сарапшының қорытындысының процессуалдық толтырылуына, соның ішінде айыпталушының құқығының қамтамасыз етілуіне аса мән беру керек. Сонымен қатар, сарапшының қорытындысы ҚР ҚПК-нің нормаларымен көзделген тәртібімен орындалғанына көз жеткізу өте маңызды. Сарапшының қорытындысы арнайы ғылыми білімдермен негізделгеніне қарамастан, ол сенімсіз және қате болып қалуы әбден мүмкін. Жоғарыдағыларды ескере отырып, сарапшының қорытындысы басқа дәлелдемелерге қарағанда, дәлелдемелердің көзі деп танылу үшін бірталай шарттарға ие болуы тиіс. Сол себепті, кейбір жағдайларда сарапшының қорытындысы жанама дәлелдеме болып есептелінеді немесе заңмен көзделген шарттарға сай келмесе мүлдем дәлелдеме ретінде бағаланбайды. Сонымен қатар, сот-трасологиялық сараптамасының тиімді жүргізілуі әкелінген объектілердің дұрыс әрі заңды алынуына тікелей байланысты екенін атап өту маңызды. Ол болмаған жағдайда сарапшының қорытындысында сараптамаға қойылған сұрақтарға жауап беру мүмкін еместігі анықталып, ол қорытынды дәлелдеме ретінде бағалануға жатпайды.

Қорытындылай келе, сот-трасологиялық сараптамасында шешілетін мәселелердің шеңбері қылмыстық істің дұрыс, толық және объективті тергеп-тексеруіне тигізетін әсері көп. Алайда, сот-трасологиялық сараптамасына берілетін объектілердің алынуы және сарапшының қорытындысы заңмен көрсетілген тәртіппен толтырылуына назар аударуы қажет. Бұл тікелей сарапшының қорытындысы дәлелдемелердің көзі ретінде бағалануына әсер етеді. Сол себепті, сот-трасологиялық сараптамасы дәлелдеме көзі ретінде бағалануы үшін сараптамаға қатысатын тараптар жағынан ҚР ҚПК-нің белгілеген нормаларды қатаң түрде сақтауы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Плиев А.Л. Криминалистическая трасология: учебное пособие/ А.Л. Плиев – Владикавказ: Владикавказский институт управления, 2012 – 192 экз.
2. Жукова Н.А., Кислицина И.Н. Трасология и трасологическая экспертиза. Теоретические основы: учебное пособие для вузов/– 2-е изд. испр. и доп. – Москва: Издательство Юрайт, 2023. – 160 с.
3. Майлис Н.П. Трасология и трасологическая экспертиза: Курс лекций – М.:РГУП, 2015.
4. Шобабаев Б.А. Основы трасологии: Учебное пособие. – Алматы: ООНИиРИР Академии МВД Республики Казахстан, 2009. – 278 с.
5. Зажицкий В.И. Доказывание и доказательства по УПК РФ: теоретико-правовой анализ. – СПб.: Издательство «Юридический центр - Пресс», 2015. – 439 с.
6. Кучин В.В., Попов И.А. Доказательства и доказывание в уголовном судопроизводстве: учебное пособие/ВГУЮ (РПА Минюста России). – М.: ВГУЮ (РПА Минюста России), 2015. – 117 с.
7. Бычкова С.Ф. Судебная экспертология. Курс лекций: учебное пособие. Алматы, 2005.
8. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ Қылмыстық-процестік кодексі.

УДК 343.148

ПРОБЛЕМНЫЕ ВОПРОСЫ СУДЕБНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ УГОЛОВНЫХ ДЕЛ

Кенжеғалиев Канагат Аманғалиевич